Sarbaz

ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

№31 (2198) – 01 тамыз 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ГАЗЕТ

# "БАСТЫСЫ – ЭКИПАЖДЫҢ ЖАЙЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ТУЫСТАРЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ"



**Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов жоғалған Әуе қорғанысы күштерінің ЕС-145 тікұшағын іздеу жұмыстарының барысымен жеке танысты.**

Әскери-әуе күштерінің қолбасшысы авиация генерал-майоры Асқар Ізбасов қорғаныс ведомствосының басшысын Сорбұлақ көліндегі іздестіру жұмыстарының барысынан хабардар етті, ондағы табиғи және техногендік ерекшеліктер





барынша техникалық жарақтандыруды және операцияға қатысушылардың іс-қимылдарын нақты үйлестіруді талап етеді.

– Іздеу жұмыстарына суасты рельефі мен түбінің шөгінді, тереңдігінің өзгермелі және судың лай болуы кедергі келтіруде. Алайда, 25 шілдеде жоғалып кеткен Әуе қорғаныс күштері ЕС-145 тікұшағының бортында болғандардың қай жерде екенін анықтау бойынша ауқымды іздеу-құтқару операциясы күндіз де, түнде де тоқтамайды, – деді Әскери-әуе күштерінің қолбасшысы.

Сол іздеу жүріп жатқан аймақта авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов жоғалған ұшқыштардың туыстарымен кездесті. Министр оларға қолдау білдіріп, операция тәулік бойы жалғасатынын, барлық ресурстар жұмылдырылғанын және әскерилер жолдастарын табу үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтынын айтты.

– Біз соңына дейін әрекет етіп, іздеуді жалғастырамыз. Жақын туыстарына жан-жақты қолдау көрсетіледі, күн сайын байланыстамыз. Қайғылы жағдайдың себептерін анықтау және жоғалғандарды табу үшін бар күшімізді саламыз, – деді Қорғаныс министрі.

Үйсенбай Нұржігіт тікұшақ экипажы командирінің үлкен ағасы Медет Ержігіттің айтуынша, таңертеңнен кешке дейін ұшқыштардың туыстары жедел штаб орналастырылған іздеу орнында. Олар іздеу тобының құрамында Сорбұлақ көлін айналып өтіп, әуеден тікұшақтың су түбінен көру мүмкін еместігіне көз жеткізді.

Естеріңізге сала кетсек, іздестіру операциясына 400-ден астам адам, кинологиялық топтар, 70-тен астам жерүсті техникасы, 21 жүзу құралы, 10 ҰҰА, эхолоттар, суасты сканерлеу құралдары жұмылдырылған.

## БҰЛ НОМЕРДЕ:

ТҰҢҒЫШ ЧЕМПИОНАТТЫ ЛАЙЫҚТЫ ӨТКІЗЕМІЗ




◆ СҰХБАТ

5-бет

◆ ВОЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

СЛУЖИТЬ МОРЮ – СЛУЖИТЬ РОДИНЕ



6 стр.



◆ ДАТА

НАДЕЖНЫЙ ЩИТ ЮЖНЫХ РУБЕЖЕЙ РОДИНЫ

9 стр.

ОҚУШЫЛАР «БАЛДАУРЕН» ЛАГЕРІНЕ КЕЛДІ

◆ ДЕМАЛЫС




12-бет



# СЛУЖИТЬ ПО-НОВОМУ

**Министерство обороны Республики Казахстан реализует пилотный проект срочной военной службы нового формата - SARBAZ+. Программа направлена на повышение качества подготовки военнослужащих и интеграцию современных технологий в повседневную армейскую жизнь.**

Уже этой осенью в одной из воинских частей Сил воздушной обороны, расположенной в Алматинской области, службу по новой модели начнут проходить 150 призывников.

В рамках подготовки к запуску проекта часть посетил заместитель министра обороны Республики Казахстан по цифровизации Дархан Ахмедиев. В состав делегации также вошли депутат Мажилиса Парламента РК Олжас Куспеков и представители компаний-партнеров: АО «Казахтелеком», АО «Транстелеком», АО «BI Group», ТОО «Invictus Fitness», АО «Казахстан ГИС Центр» и Алматинского шахматного клуба.

Проект SARBAZ+ предусматривает интеграцию военной службы с элементами профессионального обучения, цифровыми решениями, системой медицинского мониторинга и организованного досуга.

Планируется, что каждому военнослужащему будет выдан фитнес-браслет для отслеживания биометрических показателей в реальном времени. Данные будут поступать в систему централизованного мониторинга, доступную медицинскому персоналу и командирам, что обеспечит постоянный контроль над состоянием здоровья личного состава. Также внедряется система видеоаналитики.

В рамках проекта предусмотрены программы базового обучения в сфере телекоммуникаций и IT совместно с компаниями «Казахтелеком» и «Транстелеком». После службы участники смогут пройти аттестацию и получить сертификаты, которые пригодятся при трудоустройстве. Также запланировано обучение основам эксплуатации беспилотных летательных аппаратов и радиосвязи. Дополнительно будут организованы занятия по казахскому и английскому языкам.

Программа SARBAZ+ затрагивает не только солдат срочной службы. Офицерский и сержантский состав части также пройдут повышение квалификации, в том числе по международной программе CCNA Cisco в сфере сетевых технологий.

Для удобства отбора призывников разработан официальный сайт проекта. На платформе размещена информация о порядке поступления на службу, условиях прохождения и этапах отбора. Призывники смогут пройти онлайн-регистрацию, после чего их анкеты будут рассмотрены комиссией с участием представителей части и местных органов военного управления. Кандидаты, прошедшие отбор, получат уведомление о зачислении.

В случае успешной реализации, проект планируется поэтапно внедрить и в других подразделениях Вооруженных Сил Республики Казахстан.

# НОВЫЕ СТАНДАРТЫ КАЧЕСТВА

**В Министерстве обороны Республики Казахстан состоялось совещание по вопросам повышения качества вещевого имущества и подвели итоги первого этапа рассмотрения образцов в рамках Государственного оборонного заказа на 2026 год.**

Совещание прошло под руководством заместителя министра обороны генерал-лейтенанта Каныша Абубакирова. В мероприятии приняли участие представители оборонного ведомства и отечественных предприятий легкой промышленности.

Особое внимание в ходе встречи было уделено вопросам обеспечения военнослужащих новыми образцами форменного обмундирования. Подчеркивалось, что Министерство обороны предъявляет высокие требования к качеству используемых материалов, пошиву и эксплуатационным характеристикам формы.

- Во главе угла для нас стоит качество поставляемого обмундирования. От того, насколько удобна, надежна и функциональна форма, напрямую зависит боеготовность и моральное состояние военнослужащих. Мы ожидаем от производителей соблюдения всех стандартов, использования качественных материалов и внедрения современных технологий, - отметил генерал-лейтенант Каныш Абубакиров.

Диалог проходил в открытом формате. Стороны обменялись мнениями по вопросам совершенствования технологических процессов, внедрения инновационных решений и повышения стандартов качества. Были отмечены предприятия, которые активно модернизируют производство и внедряют передовые технологии, в том числе нанотехнологии.

Для повышения качества специалисты тыла Вооруженных Сил внесли изменения в технические спецификации, охватывающие полевое обмундирование, белье, носки, обувь, снаряжение и другие элементы экипировки.

В завершение совещания заместитель министра обороны отметил, что встречи в открытом формате служат эффективной площадкой для профессионального диалога, обмена мнениями и способствуют системной работе по улучшению качества продукции, включая форменное обмундирование для военнослужащих.



# ОСОБЕННЫЙ ДЕНЬ

**В Казахском национальном университете имени аль-Фараби состоялась торжественная церемония принятия военной присяги студентами, прошедшими полный курс военной подготовки по программам подготовки офицеров запаса.**

Будущих офицеров запаса, их родителей и гостей праздника поздравили заместитель председателя правления – первый проректор КазНУ имени аль-Фараби Дуйсенов Еркин Эрманович, заместитель председателя профсоюза «Парасат» Ольга Ложникова, ветераны Вооруженных Сил, представители общественности и руководства университета.

Начальник военной кафедры полковник запаса О. В. Ажимов в своем выступлении отметил, что в этом году 739 студентов КазНУ имени аль-Фараби и 13 вузов города Алматы приняли военную присягу и будут аттестованы на присвоение воинского звания «лейтенант запаса».



Выпуск студентов военной кафедры КазНУ имени аль-Фараби проходит в год празднования 80-летия Великой Победы, что способствовало усилению военно-патриотического воспитания студенческой молодежи.

Центром организации мероприятий по пропаганде среди студентов казахстанского патриотизма, повышения имиджа и престижа воинской службы в университете традиционно является военная кафедра. Она укомплектована профессорско-преподавательским составом, имеющим громадный опыт воинской службы и воспитательной работы с молодежью.

Участникам и гостям мероприятия, родителям студентов были продемонстрированы показательные выступления студентов – выпускников военной кафедры по боевой и строевой подготовке. От имени всех студентов искренние слова благодарности коллективу военной кафедры высказали отличники учебы Бектурсын Алимкулов и Дарья Солдатова.

Завершилась торжественная церемония красочным студенческим вальсом и исполнением всеми участниками песни «Атамекен».

**14-15 тамыз күндері елордамыз тарихи оқиғаның орталығына айналады. Халықаралық әскери спорт кеңесінің (CISM) қолдауымен алғаш рет әскери қызметшілер арасындағы қазақ күресінен әлем чемпионаты өтеді. Айтулы шара қарсаңында ҚР ҚМ Спорт комитетінің төрағасы – Орталық спорт клубының бастығы полковник Арман Әбеуовпен тілдескен едік. Соны назарларыңызға ұсынамыз.**

## ПОЛКОВНИК АРМАН ӘБЕУОВ:

# ТҰҢҒЫШ ЧЕМПИОНАТТЫ ЛАЙЫҚТЫ ӨТКІЗЕМІЗ




– Арман Сайлауұлы, санаулы күндерден кейін елімізде тұңғыш рет әскери қызметшілер арасында қазақ күресінен әлем чемпионаты өткізілмек. Тарихи турнирді Халықаралық әскери спорт кеңесі (CISM) қолдап отыр. Оған қалай қол жеткіздіңіздер?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық спорт түрлерін, оның ішінде қазақ күресін дамыту жөнінде бірнеше рет тапсырма берген еді.

Президенттің тапсырмаларын орындау мақсатында Қорғаныс министрлігінің Спорт комитеті ауқымды жұмыс жасады.

Біз 2024 жылы Танзаниядағы CISM Бас Ассамблеясында қазақ күресінің ең көне ұлттық спорт түрі әрі халқымыздың мәдени құндылығы ретінде балалар мен жастар арасында кеңінен танымалдығын және бүкіләлемдік ЮНЕСКО ұйымы мойындағанын келтіріп, баяндама жасап, ұсынысымызды білдірген едік. Содан CISM қолдауының және Қорғаныс министрлігінің Спорт комитетінің белсенді жұмысының арқасында Қазақстан 2025 жылы алғашқы әлем чемпионатын өткізу құқығына ие болды.

**– Неліктен әскери қызметшілер арасында қазақ күресінен турнир өткізуді жөн көрдіңіздер? Бұл шараның маңызы қандай?**

– Қазақ күресі күш, ерік-жігер және жауынгерлік рух қалыптастырады. Ежелгі заманнан бері ұлттық күресіміз жауынгерлерді даярлау үшін қолданылған. Жарыс әртүрлі елдердің әскерлері арасындағы байланысты нығайтуға және әскери спортты насихаттауға ықпал етеді. Әскери қызметшілер арасында қазақ күресін дамыта отырып, біз оны Отан қорғаушы үшін өмірлік қажетті қасиеттерді қалыптастырудың қуатты құралы ретінде көрдік. Төзімділік, тәртіп, стратегиялық ойлау және қарсыласқа құрметтің бәрі әскери қызметшінің бойында бар қасиет.

Сонымен қатар өскелең ұрпақ үшін, әсіресе, ауылдық жерлердегі балалар үшін үлкен мүмкіндік береді. Яғни, Қазақстанның Қарулы Күштері туралы кеңінен білуге, қызметке ынталандыруға және өңірдегі жастардың спорттық және әлеуметтік дамуына, әскер қатарында өз орнын табуға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда қазақ күресі Қазақстанның барлық өңірлерінде дамыған. Статистикалық деректер бойынша Қазақстанда қазақ күресімен жүйелі түрде айналысатындар саны 160 399 адамды құрайды, оның ішінде 87 030 адам ауылдық жерлерде айналысады.



**– Бұл чемпионатқа қанша ел қатыспақ?**

– Чемпионатқа 30-дан астам ел қатысатынын растады. Жалпы 40 елден спортшы келеді деген үміт бар. Олардың ішінде: Иран, Түркия, Үндістан, Бразилия, Қытай, Ресей және т.б. тіпті қазақ күресі федерациялары жоқ елдер (мысалы, Гана, Молдова) оны өз елінде дамытуға ниет білдіріп жатыр.

Бұл қазақ күресінің халықаралық деңгейде танымалдығы артып келе жатқанын дәлелдейді.

**– Турнирге Қазақстан құрамасының дайындығы қалай?**

– Қазіргі уақытта біздің құрама команда Шымкент қаласында қарқынды жиындардан өтіп жатыр.



Наурызда Алматыда күш құрылымдары арасында ауқымды іріктеу өткізілді. Ұлттық құрамада еліміздің ең мықты армия балуандары күш сынасады. Біз оларға әлбетте, сенім артамыз. Қазақстанның абыройын асқақтады деген ойдамыз.

**– Қазақ күресін дамытуда тағы қандай істерді қолға алдыңыздар?**

– CISM алаңы – қазақ күресін танымал етудің маңызды құралы. Біз қазақ күресі жөнінде Иран мен Шри-Ланкада шеберлік сабақтарын, презентациялар өткізіп, спортымыздың бірегейлігін көрсеттік. 2026 жылы Мәскеуде қазақ күресінен екінші әлем чемпионатын өткізуді жоспарлап отырмыз. Ал 2027 жылы АҚШ-та өтетін Дүниежүзілік жазғы спорттық ойындарға қосуды ұйғарып отырмыз. Бұл қазақ күресін CISM тұрақты күнтізбесіне енгізудегі маңызды қадамымыз әрі ұзақ мерзімді мақсатымыз осы.

**– Сөз соңында не айтар едіңіз?**

– Қазақ күресі – ең көне ұлттық спорт түрлерінің бірі. Бүгін қазақ күресі әлемдік деңгейге шығып, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік ұйымының Мәдени мұра тізіміне енгізілді. Әскери қызметшілер арасында осындай жарыстарды өткізу ұйымға қатысушы елдердің қарулы күштері арасындағы достық байланыстарды нығайтуға қызмет етеді деп санаймын.

Біздің еліміз ірі спорттық іс-шараларды өткізуде тәжірибеге бай. Сол себепті елордада әлем чемпионатын лайықты ұйымдастыруға бар күшімізді саламыз.

Бізге көрсетілген сенімі үшін әлемдік күрес ұйымына алғысымды білдіргім келеді. Әскери спорт дәстүрлерін нығайту мен арттыру ісінде әріптестікті одан әрі жалғастыра береміз.

Ал ел намысын қорғайтын Қазақстан құрамасының командасына сәттілік деймін. Сіздер де Астанадағы Qazaqstan жеңіл атлетикалық спорт кешені келіп, спортшыларымызға жанкүйер ретінде қолдау білдірсеңіздер құба-құп болар еді.

***– Шағын сұхбатыңызға рахмет! Жеңісіміз көп болсын!***

**Сұхбаттасқан Рима ӘБЕУОВА**



**На протяжении всей истории цивилизации море было и остается манящим и загадочным местом. Моряки называют его «живым» и уважают, как полноценного союзника. Во времена великих морских сражений и военных кампаний море помогало лишь сильным духом, отважным морякам.**



# СЛУЖИТЬ МОРЮ – СЛУЖИТЬ РОДИНЕ

В нашей стране для тех, кто хочет связать свою жизнь с морем, на базе Военного института Сил воздушной обороны имени дважды Героя Советского Союза Т. Я. Бегельдинова с недавних пор открыла свои двери военно-морская кафедра.



Необходимость создания кафедры была обусловлена появлением новой техники для нужд ВМС. Важно было создать учебную базу для подготовки специалистов военно-морского профиля. Таким образом, в 2022 году была образована военно-морская кафедра. Первый набор курсантов состоялся в 2023 году.

Кафедра готовит специалистов по двум направлениям: «Кораблевождение и эксплуатация технических средств кораблевождения, управление штурманскими боевыми частями» (штурманы) и «Эксплуатация главных и вспомогательных энергетических установок кораблей, управление электромеханическими боевыми частями и службами кораблей» (механики). Первые отвечают за безопасность мореплавания, вторые – за исправность механизмов корабля. Срок обучения по двум направлениям составляет четыре года.

На первых двух курсах курсанты изучают общеобразовательные (высшая математика, физика, философия, политология) и общие военные дисциплины. В этот же период они осваивают предметы по специальности: «Введение в специальность», «Теория устройства и живучести корабля» и «Организация корабельной службы».

Изучение профильных специальностей на третьем и четвертом курсах происходит на базе Каспийского государственного университета технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова (г. Актау), в котором имеется объемная учебно-материальная база, а также специальные тренировочные комплексы. Для подготовки штурманов в университете имеются тренажеры, имитирующие управление кораблем. Будущие механики тренируются за пультами управления главными двигателями, работают на тренажере под названием «пост управления живучестью».

- Для студентов третьего и четвертого курсов, проходящих обучение в Актау, созданы все условия для проживания и учебы. Важно еще и то, что подобное обучение позволяет отработать полученные знания на практике на кораблях Военно-морских сил, - отмечает доцент военно-морской кафедры капитан 1 ранга Артур Тудаков.

На кафедре трудятся опытные и квалифицированные преподаватели, бывшие моряки во главе с полковником Куандыком Бердигалиевым. Процесс обучения проходит интересно, а открытые к диалогу преподаватели всегда готовы помочь курсантам дельным советом. По словам Артура Тудакова, главная цель заключается в том, чтобы курсанты усвоили тему, ведь в дальнейшем они будут применять полученные знания уже на корабле.

Особой частью подготовки будущих моряков является прохождение морской практики, на которую курсанты отправляются после второго курса. В будущем такая практика будет предусмотрена после каждого курса. К слову, в этом году курсанты кафедры впервые прошли морскую практику в Актау.

- В ходе морской практики курсанты знакомятся с корабельной жизнью, изучают на практике системы и механизмы корабля. Кроме того, морская подготовка включает занятия в учебно-тренировочном комплексе для подготовки водолазов и на учебно-тренировочной



станции по борьбе за живучесть, на которой курсанты учатся бороться с подтоплением корабля, - говорит Артур Тудаков.

Сегодня на кафедре морскому делу обучается 13 курсантов: девять человек на первом курсе, четыре – на втором. Каждый год кафедра набирает 20 человек (по 10 человек на каждое направление).

С 15 июля на кафедре начался прием документов, который продлится до конца месяца. В списке основных критериев отбора главное место занимают баллы ЕНТ (не менее 50 баллов). Особое внимание обращается на профильные предметы (физика и математика), по которым кандидат должен иметь не менее семи баллов. Кроме этого, учитываются показатели здоровья.

Перед выпускниками кафедры открываются большие перспективы. Молодые лейтенанты будут занимать офицерские должности на кораблях, выходить в море, защищая важное западное стратегическое направление.

С каждым годом военно-морская кафедра будет расширять свои возможности. В этом году для обучения курсантов будет выделен дополнительный класс. В ближайшее время в законодательство должен быть внесен специальный понятийный аппарат, который позволит перебазировать кафедру в Актау и создать военно-морской факультет. Его создание даст возможность открыть новые специальности для подготовки профильных кадров, такие как связь, ракетно-артиллерийское вооружение, а также готовить младших корабельных специалистов.

Военно-морская кафедра является уникальной возможностью пройти обучение морской профессии в нашей стране. Год от года все больше людей узнают о ней и стремятся туда поступить. В будущем она может стать кузницей кадров не только для отечественных, но и зарубежных специалистов.

**Нариман ДЮСЕНОВ**



## Әскери тәртіп әдетке айналды

**Мен қатардағы жауынгер Әділ Сағыныш Дүйсеханұлы отбасыма сәлемдеме хатын жолдаймын.**



Сіздерді қатты сағындым. Бұл хатты өздеріңе аман-саулық тілеп, әскери өмірдегі жағдайымды бөлісу үшін жазып отырмын.

Міне, әскерге келгеніме де бірнеше ай болды. Бастапқыда қиын болды. Таңғы 6-да тұрып, күнделікті сапқа тұру, жаттығу, тәртіпке бағыну оңай емес екен. Бірақ уақыт өте келе үйреніп кеттім. Қазір бұл кәдімгі күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналды.

Жанымда менімен бірге еліміздің түпкір-түпкірінен келген жігіттер бар. Бәріміз бір үйдің балаларындай болып кеттік. Бір-бірімізге тіреу болдық, отбасымыздай жақын араласамыз. Әрқайсымыздың арманымыз, мақсатымыз бар, ал осы қызмет – соған бастар жолдың бір баспалдағы деп түсінеміз. Сол мақсатқа жетуге туғандарымызбен аман-есен қауышуға жазсын.

Бетті жүргізуші
Рима ӘБЕУОВА,
+7-771-373-63-35,
blalkizirima@mail.ru

## БҰЛ ДА БІР БАСПАЛДАҚ

**Адам баласына әр қадамы ілгері басуына себеп болады. Өмір деген баспалдақпен міне, мен де әскери ортаға кез келдім.**



Иә, күні кеше аяғымды әпіл-тәпіл басып жүре бастағанымнан әке-шешемді, айналамды қуанышқа бөледім. Одан кейін алғаш рет Арқалықтың №1 орта мектебінің табалдырығын аттадым. Бұл қадамыма «зейіні ашылсын» деген тілекшілерім көп болды. Ал Астанадағы Жоғары көлік және коммуникация колледжін бітіріп, маман иесі атанғанымда олардың қуанышында шек болмады.

Кейін «ел қатарлы әскери міндетімді орындаймын» дегенде, онымды құптағандар аз болмады. Осылайша, әскери ортаға нық сеніммен қадам бастым.

Иә, бұл да өмірдің бір баспалдағы. Бұл орта өзгеше. Бұрынғы ортаға ұқсамайды. Темірдей тәртібі бар. Шымыр боп шыңдалатын жер бұл.

Міне, біздің келгенімізге екі жарым айдай болды. Осы аралықта темірдей тәртіпке бағынып, жинақы жүруге үйрендім. Жігіт болған соң «тәртіпке бағынған құл болмайтынын» түсінесің. Бәріне төзім мен ертеңгі сеніммен қараймын. Ертең біздер нағыз Отан қорғаушы боп, елімізді, жерімізді қорғасақ, сол бізге абырой. Сондықтан туған-туысқандар, сіздер уайымдамаңыздар, әскери міндетті орындау – біз үшін парыз. Өз басым осы парызымды орындауға келгеніме қуаныштымын. Осы арада бізге сенім ұялатқан ата-анама, бауырларыма, командирлерге алғысымды білдіремін.

**Рақат МҰРАТОВ**
**44813 әскери бөлімі**

**Мен 2024 жылы екінші қарашада Алатау қаласына Әуе қорғаныс күштерінің 53975 әскери бөліміне мерзімді әскери қызметімді өтеуге келдім. Қазіргі танда 53975 әскери бөлімінде мерзімді әскери қызметімді өтегеніме тоғыз ай болды.**

## Тоғыз айда тәжірибе жинақтадым

Осы мерзім ішінде әскери өмір менің көзқарасымды, ойлау қабілетімді, болашаққа деген сенімімді өзгертті. Қысқаша айтқанда, тәжірибе жинақтадым.

Мені өмірге құштар ғып, мақтан етуге тұратындай азамат етіп тәрбиелеген ата-анама үлкен рахмет айтып, олардың мерейін, абыройын асқақтатуға шын жүректен дайынмын. Осы орайда маған алаңдап, сағынышпен күтіп отырған анам Ботагөз Сағындықоваға сәлемдеме жолдаймын.

Сонымен бірге, менімен бірге әскери қызметті өткеріп жүрген қатарлас жауынгер достарым да өмірден өз орнын тауып, Отанымызға адал еңбек етіп, болашақта бір маман иесі ретінде қызмет етуге дайын екенін айта кеткенім жөн болар. Сол арманымыз жолындағы жеңуге бізді үлкен өмір қиындықтарды жетелейді.

**Қатардағы жауынгер Әлімжан САДЫҚОВ**



## Анама хат!

**Қалыңыз қалай? Денсаулығыңыз қалай? Әкем, қарындастарым, бауырларым қалай?**



Менде бәрі жақсы. Келесі аптада сыртқа шығамын сейілдемеге.

Білесіз бе, жақында әскерге келгенімізге 6 ай болады. Жаңа жылды алғаш рет жаңа достарыммен және «полчандарыммен» бірге қарсы аламын. Содан бізден кейінгі шақырылушылар келеді. Көп ұзамай әскерден ораламын. Жақсылап атап өтеміз, қыдырамыз.

Сені сағынып жүрмін, Анашым! Кейде сәтті сәттерімізді еске түсіремін. Алда айтатын әңгімелер көп.

**Сағынышпен ұлыңыз Медеу РАХМЕТОВ**



## Отанға қызмет – абыройлы міндет

**Мен – Астананың тумасымын. Маман (экономист ) иесі атанып, еңбектің дәмін татып жүрген сәтімде әскери борышты өтеуге шақырту алдым.**

Сөйтіп, Каспий теңізінің жағасындағы Ақтау қаласында орналасқан Әскери-теңіз күштеріне келдім. Толқындар мен кемелер арасында өмірімнің мүлде жаңа кезеңі басталды.

Алғашында бұл тек міндет секілді көрінді. Алайда күн өткен сайын теңіз де, кеме де жақындай түсті. Ал қызмет нағыз абырой мен намыстың ісіне айналды. Дәл осы жерде, осы теңіз әлемінде нағыз азамат, нағыз ер ретінде сезіндім.

Бүгінде мерзімді қызметтегі матроспын. Осы күзде борышымды өтеген соң келісімшарт бойынша әскери қызметті жалғастыруға бел буып отырмын. Бұл – жай ғана таңдау емес, бұл Отанға адал қызмет етудегі саналы шешім. Отанға кеңседе де, кассада да, кемеде де қызмет етуге болады. Осыны түсініп, оны шынайы ниетпен қабылдадым. Сондықтан келешекте қызметімді теңізбен байланыстырғым келеді.

Отан – бұл тек туған жер емес. Бұл – борыш, ар-намыс, адалдық, және күн сайынғы қызмет. Біз сияқты жастары көп болса, еліміздің болашағы берік болмақ. Отанға қызмет ету – абырой. Қалуға шешім қабылдау – тәуекелге бел байлау. Сол шешіммен өмір сүруді тағдыр деп ұйғардым.

**Матрос Темірлан МҰХАМЕДЖАНОВ**

# ЗЕЙНЕТТЕГІ ӘСКЕРИЛЕРДІҢ ЗЕЙІНІ



## бала денсаулығына ауған

**Біздің газеттің «Әскери әулет» деген әдемі айдары бар. Бұл айдардың аясында біз көбіне Қарулы Күштерімізде қызмет етіп, Отанды қорғап жүрген бүгінгі отбасылар жайында ширата жазып жатамыз. Сондай-ақ, бір кездері әскерде қызметте болып, ал бүгінде запастағы зейнеткерлер қатарына қосылған жанұялардың да жағдайы біздің назардан тыс қалған емес. Ендеше, кезекті әңгімеміз де осындай әулет жайында болмақ.**

«Бұл кімдер болды екен» деп ойлап отырған боларсыздар? Запастағы полковник Рашид Құрманұлы Абишев пен отставкадағы майор Гүлбаршын Құрманқызы. Бір атаның ұрпақтары. Екеуі де ел әскерінде



Отан алдындағы қызметін абыроймен атқарған. Бірі «Шығыс» өңірлік әскерлер қолбасшысының әскери бөлімдерінде, ал енді бірі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Тыл басқармасында әскери қызметте болған. Рашид Құрманұлы 30 жылдай әскери қызметте кадрлар бөлімінде біліктілігін шыңдаса, Гүлбаршын әскери еңбек жылдарында қаржы саласында қызмет атқарды. Екеуінің де туған жері – Абай облысына қарасты Аягөз қаласы.

Енді бір әулеттен шыққан екі әскеридің бүгіндегі тыныс-тіршілігіне кеңірек тоқтала кетейік. Қазір ағалы-қарындас алдарына бір мақсат қойып, үлкен іске бет бұрып отыр. Қант диабетімен ауыратын балаларға қамқорлық көрсетпек. Осы мақсатта "DIABETES ACADEMY KZ" жеке қорын құрып, соның негізінде арнаулы мектеп те ашқан.

Кез келген іске себеп болатын жағдайлар бар ғой. Олардың осы бір игілікті іске бел шеше кірісуіне де отбасында болған жағдай әсер еткен. Нақтырақ айтар болсақ, 2019 жылы Гүлбаршынның ұлы Мұхамедиярға «1 санаттағы қант диабеті» деген диагноз қойылыпты. Өрімдей баланың мұндай сырқатқа шалдығуы кімге болсын жеңіл тимейтіні анық. Әсіресе, ата-ана үшін тіпті ауыр. Бұдан бөлек, оны емдету жолдарында да сан түрлі қиындықтар кездеседі. Қажетті ақпараттардың жеткіліксіздігі де тиісті деңгейде ем-дом қабылдауға кедергі.

Осының бәрін өз басынан өткерген Гүлбаршын ағасы Рашидпен ойласа келе, әлгіндей олқылықтардың орнын толтыру мақсатында арнаулы мектеп ашуды ұйғарған. Бұл мектеп қант диабетімен ауыратын балалар мен олардың ата-аналарына пайдалы әлеуметтік-қоғамдық білім береді. Яғни, басты мақсат – қант диабеті бар балалардың және олардың отбасыларының өмір сүру сапасын арттыру, аурудың теріс салдарын болдырмау, сырқатқа байланысты проблемалар туралы ақпаратты арттыру.

**Мектепте діттеген мақсаттарға жету үшін келесідей іс-шаралар жүргізіледі:**

- жоғарғы білікті эндокринолог дәрігер сабақ өткізіп, сырқатқа катысты сауатты арттырады;
- сертификатталған психолог маманның көмегімен дертке шалдыққандарға психологиялық қолдау ұйымдастырылады;
- диетолог дәрігермен сабақтар өткізу арқылы дұрыс тамақтануды ұйымдастыруға, қан құрамындағы қант деңгейін бақылауға, асқынуларды болдырмауға және қант диабетімен ауыратын балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға көмек көрсетіледі;
- балаларды қоғамда табысты әлеуметтендіруге жәрдемдесу жүргізіледі;
- әртүрлі шеберлік сабақтарын өткізу арқылы балалардың шығармашылығы мен өзін-өзі тануын дамыту сабақтары өткізіледі;
- сертификатталған жаттықтырушымен емдік денешынықтыру сабақтарын өткізу арқылы балалардың денсаулығын жақсартуда табысты оңалтуға көмек беріледі;
- мектеп оқушыларының білім сапасын арттыру және балаларды мектепке дайындау жұмыстары жүргізеледі.

Қант диабетінің асқынуларының бір түрі «диабеттік табан» болып табылады, тексеру мен емдеуді әдетте подолог маманы жүргізеді.

Жуырда білікті дәрігер - ҚР денсаулық сақтау министрлігінің Астана қаласы бойынша денсаулық сақтау бөлімінің Бас штаттан тыс балалар эндоринологі Абдуахасова Гүлмира Қасенқызы мен подолог, кәсіпкер, қоғам белсендісі, подология орталықтары желісінің негізін қалаушы және иесі Байканова Даурия Бейбітқызымен және Астана қаласы бойынша ерекше балалардың ата-аналары одағы филиалының басшысы Мауина Гүлсан Мейрамқызымен алғашқы кездесу өткізілді. Аталған мамандар жаңадан ашылған мектептегі бастамаларды қолдап, өз тарараптарынан көмек көрсетуге ниетті екенін білдірді.

Алдағы уақытта, яғни тамыз айында балалар эндокринологы және подолог мамандарымен, диабеті бар балалар мен олардың ата-аналарымен кездесу жоспарланып отыр екен.

Осылайша, тізе берсек, балалардың денсаулығын жақсартуға арналған арнаулы мектеп жайында кеңірек көсіле беруімізге де болады. Алайда, жаңадан басталған іргелі іс болғандықтан алда атқарылатын ауқымды істеріне сәттілік тілеп, әңгіме желісін осы жерден тоқтата тұрайық. Бастысы, бастаған істерінің берекесін берсін. Ізгілікті істері бала денсаулығына қарай бұрылған ғой. Діттеген мақсаттарына жетсін.

**Ерлібай ӨЗБЕКБАЙҰЛЫ**



## АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА МЕДАЛЬ ОЛЖАЛАДЫ

**Бурабайда өткен жасөспірімдер мен ересектер арасындағы биатл және триатлдан Азия чемпионатында қазақстандық спортшы Айша Наурызбай үздік нәтиже көрсетті. Жас спортшы жеке пәндер бойынша күміс және қола медаль жеңіп алды, сонымен қатар 10 жасқа дейінгі балалар арасындағы командалық аралас жарыста екінші орын алды.**



Айша – Қазақстан Республикасы Әскери-теңіз күштері теңізшісінің қызы. Бала кезінен бастап ол Отан қорғаушылардың отбасында өсіп, патриотизмді бойына сіңірген, тәртіп пен жауапкершілікті біледі.

«Менің әкем – менің тәлімгерім. Ол мені бала кезімнен тәртіпті болуға, спортпен шұғылдануға үйретіп келеді. Барлық бастамаларымды қолдап, жанымнан табылады. Арманым – әлемдік аренада Қазақстанның Туын көкке желбірету», – деді Айша.

Айша бес жасынан жүзумен айналысқан. Бұл ол қатысқан бірінші халықаралық жарыс емес: 2024 жылы ол осындай чемпионатта қола медаль жеңіп алды. Оның табандылығы, спорттық рухы және жеңіске деген ұмтылысы құрбы-құрдастарына керемет үлгі.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері өз елінің лайықты азаматтары — қайсар, мақсатқа ұмтылатын және талантты балалар тәрбиелеп отырған әскери қызметшілердің отбасыларымен мақтанады. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде отбасын қолдау, Отанға қызмет ету рухы және жоғары моральдық құндылықтарды сақтау маңызды екені анық.

# ОНИ СМОТРЯТ НА НАС С НЕБЕС

**Отгремели праздничные салюты, проведено множество торжеств, наступила 80-я весна Победы. В наших сердцах имена дедов и отцов, которые вернулись с тех фронтовых дорог. После войны на их плечи выпало немало новых испытаний. Вечная память им.**



В истории военных лет отдельной строкой стоит тема о не вернувшихся с войны, без вести пропавших. Сколько матерей ожидали годами своих сыновей, сколько осталось осиротевших детей? Эти 18-летние парни мечтали жить... Но остались на той войне вечно.

Прошли празднования Дня Победы, но работа по поиску солдат, не вернувшихся с фронта бойцов, продолжается. И тысячи казахстанских семей долгие годы не теряют надежду найти место захоронения своего родственника.

Вопросами поиска без вести пропавших в Казахстане системно занимается общественное объединение «Atamnyn Amanaty». Это небольшая группа людей, которые по зову сердца связали себя с данной работой. Направлений охвачено очень много: прием и обработка заявок от граждан, размещение и поиск в базах других стран, обратный поиск, когда порой есть данные о местах захоронения солдат, но приходится искать родственников, чтобы сообщить им об этом, выезд к местам захоронений и участие в раскопках. Огромная благодарность тем, кто стоял у истоков всей этой работы и тем, кто ныне продолжает эту благородную миссию.

Многое делается и в плане патриотической работы среди молодежи. ОО «Atamnyn Amanaty» заключило около 40 меморандумов с колледжами столицы и военно-техническими школами страны. В этом году прошло немало интересных встреч курсантов, студентов с офицерами. К юбилею Победы в колледжах и ВТШ состоялись уроки мужества, круглые столы, презентации, смотры строя и песни. Также курсанты подготовили интересные челленджи, где рассказали о своих героических дедах и прадедах, ветеранах войны и тружениках тыла. С большим удовольствием студенты и курсанты участвовали в посадке деревьев Памяти.

Особое место занимают круглые столы, организованные в колледжах на тему: «Подвиги героев-казахстанцев». Студенты выступали с докладами, готовили видео- и фотоматериалы о биографии воина, рассказывали сокурсникам о них, тем самым молодежь знакомилась с историей и событиями военных лет.

Итоговым мероприятием круглых столов явилось проведение ОО «Atamnyn Amanaty» тематического вечера «Сөнбесің әке, шырағын!» в актовом зале Национального Музея Республики Казахстан. На нем лучшие студенты колледжей были поощрены благодарственными письмами от руководства ОО «Atamnyn Amanaty» и памятными призами. В мероприятии приняли участие ветераны ВС РК, труженики тыла и представители советов ветеранов районов города Астаны, Национальной гвардии РК, студенты колледжей.

На тематическом вечере ОО «Atamnyn Amanaty» дочери солдата Жуматая Наурызбаева 90-летней Казизе Наурызбаевой были переданы памятный адрес о месте захоронения ее отца и горсть земли с места захоронения в Нижегородской области. Казиза апа искала сведения об отце 50 лет.

Не передать словами тот волнующий момент, когда Казиза апа получила горсточку земли, ведь прошло больше 80 лет с того дня, когда она маленькой девочкой проводила отца на фронт. Благодаря работе поисковиков ОО «Atamnyn Amanaty» она знает где похоронен ее отец.

Такие встречи старшего поколения с молодежью воспитывают у молодых граждан любовь к Родине, своей семье, уважительное отношение к старшим и приобщают к истории страны. Звершился вечер концертной программой с участием духового оркестра и Ансамбля песни и танца Национальной гвардии МВД РК.

Через привлечение и приобщение к поисковой работе молодежи наше объединение надеется, что как можно больше граждан страны узнают о работе по поиску тех солдат, кому не суждено было вернуться на Родину. В этом случае, быть может, найдутся родственники тысяч без вести пропавших солдат, станут известны места их захоронений, и они обретут, наконец, покой.

**Майор запаса**
**Бахытгуль ЖЕКСЕКЕЕВА**



# ИГРА, КОТОРАЯ ЛЕЧИТ ДУШИ



**Военные медики ежедневно спасают жизни, работая на пределе своих возможностей. Но кто позаботится о них? В условиях постоянного стресса и эмоционального напряжения даже самые стойкие нуждаются в моральной поддержке. В военном госпитале города Тараза нашли необычный, но эффективный способ помочь тем, кто привык помогать другим.**

Психолог военного госпиталя старший лейтенант Бахтыкуль Тажиханова провела для медиков психологический тренинг, который внешне напоминал увлекательную игру. Однако за веселыми конкурсами скрывалась серьезная цель – сплотить коллектив, снять напряжение и улучшить взаимодействие между коллегами.

